


Фариза Оңғарсынова атындағы № 41 мектеп-гимназиясы

Тоғызқұмалақ үйірмесі



Дене шынықтыру пәні мұғалімі :
Бурабаева Меруерт Арыстанбековна

2023-2024 оқу жылы

Түсінік хат

Тоғызқұмалаққа тосырқамай қараңыз!

Ата дәстүр салтыңызға санаңыз!

Өзінді-өзің қазақпын деп санама

Бұл өнерді үйренбесе балаңыз!

Абай Құнанбайұлы.

Тоғызқұмалақ ойыны төрт мың жылдық тарихы бар екенін археолог ғалымдар оның ең ежелгі тастан ойылып жасалған тақтасын табу арқылы дәлелдеп отыр. Онымен қоса, осы тоғызқұмалақ ойынынның аты Қытай жазбаларында да кездеседі. Мысалға, ежелгі ғұн тәңірқұты қытай әскерін талқандауда, соғыс барысын осы ойынның әдіс-тәсілдері мен тактикаларына сүйене отырып жүргізген деседі. Қалай дейсіз бе? Иә, әрине таң қалуыңыз да мүмкін, себебі жай ғана құмалақтар мен тақтадан құралған ойын қалай ғана әр түрлі атты әскерден құралған ірі қолды басқаруға қолдануға болады?! Бұл ойында өз қарамағындағы құмалақтарды басқару арқылы ойыншы қарсыласына шабуыл жасай алады, бірнеше жақтан қыспаққа ала алады, тосын шабуылдар жасайды. Тіпті, теңдессіз жоспар құру арқылы және соны жүзеге асыру арқылы қарсыласынан басым түсе алады. Онымен қоса, қарсыласынан қорғана отырып, не болмаса бейтараптық сақтай отырып алдағы шабуылдарына дайындалады. Тұзақ құрады. Қарсыласының жүретін жүрісі мен мекенін қысқарта алады. Бір сөзбен айтқанда "тақта үстіндегі шайқас"!

Бұл ойынды тіпті әлемнің екінші ұстазы Әл-Фараби де сүйіп ойнаған, терең зер салып, зерттеп, өз жазбаларында қалдырып кеткен. Ал, қазақтың ұлы ақыны, данагөй ойшылы Абай Құнанбаев та өте қатты сүйіп ойнаған және өзі сол заманның түрлі ойыншылармен сынға түсіп, ойын жарыстырған деседі. Ал, сол Абай атамыздың тастан ойылып жасалған тоғызқұмалақ тақтасын Жидебайдағы мұражайынан таба аласыз. Және әйгілі ойыншылар қатарына қазақтың ең алғашқы ғалымы - Шоқан Уәлихановты да қосуға болады. Қазақтың әйгілі жазушысы Мұхтар Әуезов пен Ұлы Отан соғысы жылдарының атақты соғыс стратегі Бауыржан Момышұлының да сүйікті ойыны болған деседі.

Тоғызқұмалақтың бұдан да көп бұл жерде айтылмаған сырлары көп. Негізінен, бұл ойын сонау Кеңес үкіметі кезінде үлкен тоқырауға ұшарап, халық арасында беделі едәуір түсіп кетіп еді, бірақ, қазір қайтадан жанданып, дамып жатыр. Әлемдік деңгейдегі федерациясы (қауымдастығы) бар. Қазірде

осы Қауымдастық екі бірдей Әлем және бірнеше Азия, Еуропа чемпионаттарын өткізіп үлгерді

Бағдарлама 10-17 жас аралығындағы оқушыларға арналған.

Бағдарламаның тиімділігі – уақыт талабымен сәйкес. Жеке тұлғаны жетілдіру қиын мәселе болғандықтан, тоғызқұмалақты үйретудің құрылымы мен мазмұны мақсатқа бағытталған мінез қалыптастыруға тәрбиелейді. Сабақтан тыс білім беру жүйесінде тоғызқұмалақты үйрету жүйесі оқушылардың жеке қабілеттіліктерін айқындап, жетілдіре отырып оның тұлға ретінде жалпы жетілуі мен тәрбиесіне бағытталады

Бағдарламаның ерекшелігі балаға даралап білім беруге бағытталғандығында. Ол бағдарламаға енгізілген және екі негізгі бағыт алады. Алдымен әр тоғызқұмалақ ойнаушының тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелеуде, екіншіден әр тәрбиеленушінің өмірге көзқарасы, жағдаяттарды шеше білуі есепке алынады. Баланың жеке қасиеттерін табиғи, физикалық және психологиялық қасиеттерін білуді талап етеді.

Бағдарламаның жаңалығы мұғалімнің сабақтарда қолданатын балалардың жеке және жалпы логикалық ерекшеліктерін жетілдіретін дидактикалық материалдарын (карточкалар, тоғызқұмалақ этюдтарын және тапсырмалар) әзірлеуінде, зерттеу әдісін қолдануында (тоғызқұмалақтың шығу тарихы туралы рефераттар мен баяндамалар жазуында), мектептің материалдық жағдайын ескере отырып оқу-тақырыптық жоспарын құруда.

Бағдарламаның мақсаты: Тоғызқұмалақ сабағы арқылы шығармашыл, дарынды жеке тұлға жетілдіруге жағдай жасау.

Бағдарламаның міндеттері:

Білім беру:

- Тоғызқұмалақтың шығу тарихымен таныстыру;
- Ойын ережелерін үйрету;
- Оқушыларға тоғызқұмалақ ойыны туралы теориялық білім беру, сайыстар өткізу ережелерімен таныстыру.

Жетілдіру:

- Тұлғаның логикалық ойлауын, есте сақтауын, орнықтылығын жаңа басқа да жағымды қасиеттерін жетілдіру;
- Төзімділігін, өз-өзіне және қарсыласына сынмен қарауын;

**«Тоғызқұмалақ» үйірмесінің
күнтізбелік-тақырыптық сабақтар жоспары**

Барлығы-34 сағат

Аптасына -3 сағат

Мақсаты: Оқушылар арасында тоғызқұмалақ ойынын насихаттау.

Міндеті:

1. Оқушыларға тоғызқұмалақ ойынын үйрету.
2. Оқушылардың ойын дамыту.
3. Оқушылардың мәдени ізденімпаздығын, қиял әлемін оятып, шапшаң ойлауға төселдіріп, ой еңбегіне баулу.

	Өтілетін сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Өтілетін мерзімі
1	Тоғызқұмалақ тарихы	3 сағ	04.09, 05.09, 07.09
2	Тоғызқұмалақ ойыны туралы жалпы түсінік	3 сағ	11.09, 12.09, 14.09
3	Ойынды жазу тәртібі	3 сағ	18.09, 19.09, 21.09
4	Тоғызқұмалақ отаулары жайлы түсінік	3 сағ	25.09, 26.09, 28.09
5	Тоғызқұмалақ әліпесі	3 сағ	02.10, 03.10, 05.10
6	Жүрістің түрлері	3 сағ	09.10, 10.10, 12.10
7	Тұздық немесе тұзды үй	3 сағ	16.10, 17.10, 19.10
8	Екі жақты ойын	3 сағ	23.10, 24.10, 26.10
9	Бай отаулар	3 сағ	06.11, 07.11, 09.11
10	Ат және атсырау	3 сағ	13.11, 14.11, 16.11
11	Жүрісті есептеу	3 сағ	20.11, 21.11, 23.11
12	Тоғызқұмалақ нотациясы мен партиялары	3 сағ	27.11, 28.11, 30.11
13	Жүрістерді талдау	3 сағ	04.12, 05.12, 07.12
14	Ілгері және кері есеп	3 сағ	11.12, 12.12, 14.12
15	Қанды қақпан ойнау	3 сағ	20.12, 21.12, 22.12
16	Бай отаулардың жүрістерін талдау	3 сағ	25.12, 26.12, 28.12
17	Екі жақты ойын	3 сағ	08.01, 09.01, 11.01
18	Ілгері және кері есеп	3 сағ	15.01, 16.01, 18.01
19	Отауларға тоқталу	3 сағ	22.01, 23.01, 25.01
20	Ережемен ойнау	3 сағ	29.01, 30.01, 01.02
21	Тұздық немесе тұзды үй	3 сағ	05.02, 06.02, 08.02
22	Бай отаулар	3 сағ	12.02, 13.02, 15.02
23	Атсырау	3 сағ	19.02, 20.02, 22.02
24	Жүрісті есептеу	3 сағ	26.02, 27.02, 29.02
25	Тоғызқұмалақ нотациясы мен партиялары	3 сағ	04.03, 05.03, 07.03
26	Жүрістерді талдау	3 сағ	11.03, 12.03, 14.03
27	Ілгері және кері есеп	3 сағ	18.03, 19.03, 20.03
28	Қанды қақпан ойнау	3 сағ	02.04, 03.04, 11.04
29	Бай отаулардың жүрістерін талдау	3 сағ	15.04, 16.04, 18.04
30	Ілгері және кері есеп	3 сағ	22.04, 23.04, 25.04
31	Отауларға тоқталу	3 сағ	29.04, 30.04, 02.05
32	Ат және атсырау	3 сағ	06.05, 13.05, 14.05
33	Жүрісті есептеу	3 сағ	16.05, 17.05
34	Ережемен ойнау	3 сағ	20.05, 21.05, 23.05

- Логикалық ойлау әлемі мен бейнелеп ойлаудың сұлулығын бойлатып, қоршаған орта туралы елесін кеңейту;

Тәрбиелік:

- Айналасына ұқыптылықпен қарау, жеке қасиеттерін жетілдіруге ұмтылдыру;

- Өзін тәртіпке салуға тәрбиелеу;

Бұл бағдарламаны игеру барысында оқушылардың пәнді игеруімен қатар ұжымда жұмыстана білуі қалыптасады.

Оқушылардың пәндік құзырлығы:

1. Техникалық, оқушылардың

- Жаттығу ойындарында, мектепшілік, аудандық тоғызқұмалақ сайыстарына қатысуында;

- Ойын барысында тоғызқұмалақ есептер мен этюдтарды шешу барысында қалыптасатын іс-әрекеттері.

2. Интеллектуалдық, оқушылардың

- Ойынға сараптама жасауымен;

- Арнайы әдебиеттерді оқуымен;

- Үздік ойыншылардың ойындарын қарап талдауымен қалыптасатын іс-әрекеттері.

Тоғызқұмалақ үйірмесіне қатысатын оқушылар

№	Оқушының аты-жөні	сыныбы	Үйірме атауы	Үйірме жетекшісі
1	Шаудиров Нұрали	5 А	тоғызқұмалақ	Бурабаева М.А
2	Сейтасан Айсұлтан	5А	тоғызқұмалақ	Бурабаева М.А
3	Еңсеген Амир	6 В	тоғызқұмалақ	Бурабаева М.А
4	Сәкен Ахмедияр	6 В	тоғызқұмалақ	Бурабаева М.А
5	Нсанбаева Аружан	7 А	тоғызқұмалақ	Бурабаева М.А
6	Ерғазина Ақмаржан	7А	тоғызқұмалақ	Бурабаева М.А
7	Абдисаликова Айкөркем	7А	тоғызқұмалақ	Бурабаева М.А
8	Мырзағара Диляра	7 Ә	тоғызқұмалақ	Бурабаева М.А
9	Аманбай Жұлдыз	7 Ә	тоғызқұмалақ	Бурабаева М.А
10	Сердалина Нұрсұлу	7 Ә	тоғызқұмалақ	Бурабаева М.А
11	Қалдыбаев Қайсар	7 Ә	тоғызқұмалақ	Бурабаева М.А
12	Сағынтай Айвира	7 Б	тоғызқұмалақ	Бурабаева М.А
13	Алдаберген Ескендір	7 Б	тоғызқұмалақ	Бурабаева М.А
14	Темірхан Айжан	7Б	тоғызқұмалақ	Бурабаева М.А
15	Нағашыбай Назым	8 А	тоғызқұмалақ	Бурабаева М.А
16	Алтынбай Анель	8 А	тоғызқұмалақ	Бурабаева М.А
17	Еркін Ақнұр	8 А	тоғызқұмалақ	Бурабаева М.А
18	Мырзағара Фатима	8 А	тоғызқұмалақ	Бурабаева М.А
19	Сағынай Наргиз	8 А	тоғызқұмалақ	Бурабаева М.А
20	Әлібек Нұрлыхан	8 Ә	тоғызқұмалақ	Бурабаева М.А
21	Бекжан Әлімжан	8Б	тоғызқұмалақ	Бурабаева М.А
22	Айниязов Бекзат	8Б	тоғызқұмалақ	Бурабаева М.А
23	Асылбеков Нұрбол	9 А	тоғызқұмалақ	Бурабаева М.А
24	Динисламов Бибарыс	9 А	тоғызқұмалақ	Бурабаева М.А
25	Мұханбет Бекнұр	9 А	тоғызқұмалақ	Бурабаева М.А
26	Жолаушыбай Инабат	10 Б	тоғызқұмалақ	Бурабаева М.А
27	Мұханбетсағыров Шахрияр	9 А	тоғызқұмалақ	Бурабаева М.А